

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 123 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара

іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссия департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№123 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 108 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен жалпы процестерді іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы №5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы №63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторлау" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"тізілім" – Одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып қалыптастырылатын Одаққа мүше мемлекеттердің дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғалары туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектіні оның өмірлік циклының белгілі бір кезеңінде сипаттайтын, жалпы процестің операцияларын орындау кезінде өзгеретін қасиет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен

бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде белгіленген мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"

6. Жалпы процестің кодтық таңбалануы: Р.ММ.02, 1.0.0-нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты және міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты кәсіптік білім деңгейі мен жұмыс өтілі қойылатын талаптарға сәйкес келетін және Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес дәрілік заттар өндірушінің уәкілетті тұлғасының функцияларын жүзеге асыру құқығына аттестатталған Одаққа мүше мемлекеттердің дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғалары (бұдан әрі – уәкілетті тұлғалар) туралы ақпарат алмасумен байланысты шығындарды азайту үшін дәрілік заттардың айналысы саласында ортақ ақпараттық кеңістік құру есебінен алғышарттар жасау болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) шеңберінде уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс құру;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарына интеграцияланған жүйе құралдарымен электрондық түрде және автоматтандырылған режимде тізілімнен мәліметтер алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) мүдделі тұлғаларға және Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметкерлеріне Одақтың ақпараттық порталы құралдарымен тізілімде бар өзекті, толық және сенімді ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді, сондай-ақ тізілімнен мәліметтер беруді қамтамасыз ететін органы; уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтер алады және тізілімді жаңартады; мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша интеграцияланған жүйе арқылы тізілімнен мәліметтер береді; Одақтың ақпараттық порталында тізілімнің мәліметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді
P.MM.02.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	тізілімді жаңарту үшін Комиссияға мәліметтер береді; автоматтандырылған режимде тізілімнен мәліметтер сұратады
P.MM.02.ACT.002	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталының көмегімен тізілімде бар ақпаратты сұратады

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің тағайындалуы бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері.

11. Мүше мемлекеттердің уәкілетті тұлғаларды мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асыратын уәкілетті органдары жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде Комиссияға олар туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етеді.

Комиссия алынған мәліметтердің негізінде тізілімнің мәліметтерін жаңартады және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялайды.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғалар үшін тізілімдегі ақпаратқа қол жеткізу Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

Тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- тізілімге мәліметтер енгізу;
- тізілімдегі мәліметтерді өзгерту;

тізілімнен мәліметтерді алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпарат беру кезінде тізілімнен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу;

тізілімнен мәліметтерді алу;

тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 123 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 123 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейленген сипаттамасын қоса алғанда, өзінің арналуы бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібінің арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (сәйкестендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттау туралы не оның өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап, сондай-ақ ол туралы мәліметтерді өзгерту қажет болған жағдайда басталады.


Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттау туралы шешім қабылдаған кезде "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02.PRC.001) рәсімі орындалады.

Уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді өзгерту қажеттігі туындаған кезде "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P. MM.02.PRC.002) рәсімі орындалады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттаудың күшін жою туралы шешім қабылдаған кезде "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімі орындалады.

16. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.PRC.001	тізілімге мәліметтер енгізу	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға жаңа уәкілетті тұлға, тізілімнің жаңартылуы және оның Одақтың ақпараттық порталында жариялануы туралы мәліметтер ұсынуына арналған
P.MM.02.PRC.002	тізілімдегі мәліметтерді өзгерту	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға уәкілетті тұлға, тізілімнің жаңартылуы және оның Одақтың ақпараттық порталында жариялануы туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуына арналған
P.MM.02.PRC.003	тізілімнен мәліметтер алып тастау	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға аттестаттаудың күші жойылған уәкілетті тұлға, тізілімнің жаңартылуы және оның Одақтың

5. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдерінің тобы

18. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрау салулар алу кезінде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұрау салулардың мынадай түрлерін жүзеге асыруы мүмкін:

тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтерді сұрату тізілімнің өзгертілген мәліметтерін ұсынуға сұрау салу жіберу қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады;

тізілімнен мәліметтер сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының барлық мүше мемлекеттер жөніндегі немесе сұрау салуға қарай нақты мүше мемлекет жөніндегі көрсетілген сұрау салу күнінде өзекті барлық жазбалар туралы мәліметтер алуы мақсатында орындалады;

тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуда көрсетілген күннен және уақыттан бастап сұрау салу орындалған сәтке дейінгі кезең ішінде толықтыру немесе өзгерту жүргізілген тізілімнен мәліметтерді интеграцияланған жүйе арқылы алуы мақсатында орындалады. Өзгертілген мәліметтер тізілімнен сұрау салудың шарттарына қарай барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе нақты мүше мемлекет бойынша ұсынылады. Көрсетілген сұрау салу жалпы процесті инициализациялау кезінде, жаңа мүше мемлекетті қосу кезінде, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылуы мүмкін.


Сұрау салуларды жүзеге асыру кезінде тізілімнен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай рәсімдер орындалады:

"Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004);

"Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.005);

"Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.006).

19. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.PRC.004	тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу	мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен жіберілген сұрау салу бойынша тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтерді Комиссияның ұсынуына арналған
P.MM.02.PRC.005	тізілімнен мәліметтер алу	мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен жіберілген сұрау салу бойынша Комиссияның тізілімнен мәліметтер ұсынуына арналған
P.MM.02.PRC.006	тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу	мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен жіберілген сұрау салу бойынша сұрау салуда көрсетілген күннен және уақыттан бастап тізілім жаңартылған күнге және уақытқа дейінгі кезең ішіндегі тізілімдегі өзгертілген

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Жалпы процеске қатысушылардың арасындағы өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.BEN.001	тізілім	Одақтың дәрілік заттар өндірушілерінің уәкілетті тұлғалары туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурс

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Комиссияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ақпараттық өзара іс-қимылына қатысатын мәліметтерді берудің уақтылылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағандық үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықарлық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары және сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық таңбалануы	Атауы	Түрі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды

P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандар сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.089	біліктілік дәрежелері сыныптауышы	сыныптауыш	біліктілік дәрежелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.090	дәрілік заттар өндірісі саласындағы өндірістік қызмет түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттар өндірісі саласындағы өндірістік қызмет түрлерінің тізбесін қамтиды
P.CLS.091	білім бойынша мамандықтар сыныптауышы	сыныптауыш	білім бойынша мамандықтардың тізбесін қамтиды
P.CLS.092	қызметшілер лауазымдарының сыныптауышы	сыныптауыш	қызметшілер лауазымдарының тізбесін қамтиды
P.CLS.093	ғылыми дәрежелер сыныптауышы	сыныптауыш	ғылыми дәрежелердің тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімі

24. "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте көрсетілген.



4.сурет. "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсiмiн орындау схемасы

25. "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттау туралы шешім қабылдағаннан кейін мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер беруі кезінде орындалады.

26. Бірінші "Тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту үшін жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

27. Жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер тізілімді жаңарту үшін тізілімге енгізіледі. Мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

28. Мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Тізілімге мәліметтер енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.02.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдап алу және өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.02.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша Одақтың ақпараттық порталына мүше мемлекеттің уәкілетті органынан алынған жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер орналастырылады.

30. "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді тізілімге енгізу және тізілімнің мәліметтерін Еуразиялық экономикалық одақтың дәрілік заттарды өндірушілерінің уәкілетті тұлғаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінде көзделген көлемде Одақтың ақпараттық порталына жариялау болып табылады.

31. "Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Тізілімге мәліметтер енгізу" (P.MM.02. PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.OPR.001	тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.002	тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.003	тізілімге мәліметтер енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.004	тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.001
2	Операцияның атауы	тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттау туралы шешім қабылдаған жағдайда орындалады
		ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен

5	Шектеулер	мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту және оны Одақтың ақпараттық порталына жариялау үшін жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді ұсынды

8-кесте

"Тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.002
2	Операцияның атауы	тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу
3	Орындаушы	комиссия
4	Орындау шарттары	жаңа уәкілетті тұлға туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде орындалады ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді.

6	Операцияның сипаттамасы	Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы жаңа мәліметтерді тізілімге енгізуді жүзеге асырады, жаңарту күні мен уақытты толтырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің кодымен мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	тізілім жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

9-кесте

"Тізілімге мәліметтер енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.02.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.003
2	Операцияның атауы	тізілімге мәліметтер енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	Комиссияның жаңа уәкілетті тұлға және тізілімнің жаңартылуы туралы мәліметтер алуы кезінде орындалады ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама алды


10-кесте

"Тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.02.OPR.004) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.004
2	Операцияның атауы	тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссия тізілімді жаңарту кезінде орындайды ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтер қалыптастыру және жүргізу тәртібінде көрсетілген көлемде жарияланады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті тұлға туралы жаңа мәліметтерді жариялайды
7	Нәтижелері	жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімі

32. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02. PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуы кезінде орындалады.

34. Бірінші "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтер қалыптастырады және оларды Комиссияға ұсынады.

35. Уәкілетті тұлға туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша тізілімде тиісті мәліметтер жаңартылады. Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

36. Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.02.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдап алу және өңдеу жүзеге асырылады.

37. "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Тізілімдегі мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.02.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша Комиссия мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталына жариялау мүмкіндігін тексереді.

38. Егер мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнің ашық бөлігінің мәліметтерін ұсынған жағдайда, "Тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.02.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

39. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі жаңартылған және өзгерістердің тарихын қарау мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында жарияланған тізілім болып табылады.

40. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.02.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.OPR.005	тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.006	тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.007	тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.008	тізілімдегі мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.009	тізілімдегі өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

12-кесте

"Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы

1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.005
2	Операцияның атауы	тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуы кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту және Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынды

13-кесте

"Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.006
2	Операцияның атауы	тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссия тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді алу кезінде орындалады ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.02.OPR.005) операциясы)
		ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы

5	Шектеулер	Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы тізілімдегі уәкілетті тұлға туралы мәліметтердегі іс-әректтердің аяқталған күнін және уақытын алынған өзекті мәліметтер әрекетінің басталған күні және уақыты мәнімен толтырады. Нәтижесінде тізілімге бұған дейін орналастырылған уәкілетті тұлға туралы мәліметтер өзгерістер тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады, бірақ одан әрі өңдеу үшін қол жетімсіз болып қалады. Орындаушы уәкілетті тұлға туралы алынған өзекті мәліметтерді тізілімге қосады, мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын тіркейді және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өзгерісіне сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің коды бар хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	тізілім жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

"Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу" (Р.ММ.02.ОПР.007)**операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	Р.ММ.02.ОПР.007
2	Операцияның атауы	тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	тізілімді өзгерту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссия алғаннан кейін орындалады ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (Р.ММ.02.ОПР.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдап алады және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алынды

15-кесте

"Тізілімдегі мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (Р.ММ.02.ОПР.008)**операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	Р.ММ.02.ОПР.008
2	Операцияның атауы	тізілімдегі мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	тізілімдегі мәліметтер өзгерген кезде Комиссия орындайды ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алу және өңдеу" (Р.ММ.02.ОПР.006) операциясы)
5	Шектеулер	—

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы қалыптастыру және жүргізу тәртібіне сәйкес жариялауға жататын құрамға кіргізуге ұсынылған мәліметтерді тексеруді орындайды және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау мүмкіндігін айқындайды
7	Нәтижелері	Тізілімнің өзгертілген мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін дайындалды немесе жариялауға жататын мәліметтердің жоқтығы туралы ақпарат алынды


16-кесте

"Тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.02.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.009
2	Операцияның атауы	тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау мүмкіндігін тексергеннен кейін Комиссия орындайды ("Тізілімдегі мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.02.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтер қалыптастыру және жүргізу тәртібінде көрсетілген көлемде жарияланады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталына жариялайды
7	Нәтижелері	жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімі

41. "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте көрсетілген



6-сурет. "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

42. "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті тұлғаны аттестаттаудың күшін жою туралы шешім қабылдаған жағдайда не аттестацияның қолданысы тоқтатылған жағдайда тізілімнен алып тастауға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға ұсынуы кезінде орындалады.

43. Бірінші "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.02.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

44. Тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша тиісті уәкілетті тұлға туралы мәліметтер тізілімнен шығарылады. Тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

45. Тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.02.OPR.012) операциясы орындалады,

оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдап алу және өңдеу жүзеге асырылады.

46. "Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.011) операциясы орындалған жағдайда "Тізілімді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау" (P.MM.02.OPR.013) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

47. "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі өзгерістер тарихын қарау мүмкіндігімен жаңартылған және Одақтың ақпараттық порталында жарияланған тізілім болып табылады.

48. "Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Тізілімнен мәліметтерді алып тастау" (P.MM.02.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық таңбалануы	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.02.OPR.010	мәліметтерді тізілімнен алып тастау үшін ұсыну	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.011	тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.012	тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.MM.02.OPR.013	мәліметтер алып тасталғаннан кейін тізілімді жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Мәліметтерді тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.02.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.009
2	Операцияның атауы	мәліметтерді тізілімнен алып тастау үшін ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға ұсынуы кезінде орындалады

5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді ұсынды

19-кесте

"Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.011) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.011
2	Операцияның атауы	тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссия тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Мәліметтерді тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.02.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторлау талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл

		регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тізілімді жаңарту үшін уәкілетті тұлға туралы өзгертілген мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы берілген мәліметтердің құрамында көрсетілген әрекеттердің аяқталған күні мен уақытының мәнін пайдалана отырып өкілеттіктердің күші жойылған күнді, тізілімдегі уәкілетті тұлға мәліметтер әрекетінің күні мен уақытын толтырады. Нәтижесінде тізілімге бұған дейін орналастырылған уәкілетті тұлға туралы мәліметтер өзгерістер тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеу үшін қол жетімсіз болып қалады. Орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алып тастауға сәйкес келетін мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы өңдеу нәтижесінің коды бар хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	тізілім жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

20-кесте

**"Тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.02.OPR.012)
) операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.012
2	Операцияның атауы	тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алу

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	Комиссия тізілімнен шығарылуға жататын уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді алғаннан және өндегеннен және тізілім жаңартылғаннан кейін орындалады ("Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өндеу" (P.MM.02.OPR.011) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы және құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдап алады және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алды

21-кесте


"Тізілімді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау" (P.MM.02.OPR.013) операциясы

Р/с №	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық таңбалануы	P.MM.02.OPR.013
2	Операцияның атауы	тізілімді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	тізілім жаңартылғаннан кейін Комиссия орындайды ("Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер алу және өндеу" (P.MM.02.OPR.011) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тізілімді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды
7	Нәтижелері	жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

2. Тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері

"Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімі

49. "Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

50. "Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімін тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

51. Бірінші "Тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер сұрату" (P.MM.02.OPR.014) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер ұсынуға сұрау салу қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді.

52. Тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер дайындау және ұсыну" (P.MM.02.OPR.015) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша Комиссия тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады.

53. Тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер алу және өңдеу" (P.MM.02.OPR.016) операциясы орындалады.

54. "Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімін орындау нәтижесі мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуы болып табылады.

55. "Тізілімді жаңарту күні және уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.02.PRC.004) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 22-кестеде келтірілген.

22-кесте

